

III сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVI сессиясының "Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыш салудың қалақұрылыстық регламенттерін жүзеге асыру жоспарын бекіту туралы" 2006 жылғы 20 қарашадағы № 284 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIII сессиясының 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 262 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 қыркүйекте № 1498 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 11 ақпандағы № 200 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 11.02.2025 № 200 (01.03.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 желтоқсандағы № 1330 қаулысымен бекітілген Алматы қаласының Бас жоспарына және Алматы қаласы әкімінің ұсынуына сәйкес, қалалық ортаны кешенді көріктендіру және эстетикалық ұйымдастыру және экологиялық қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік ынғайлы тіршілік ортасын құру мақсатында, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. III сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVI сессиясының "Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыш салудың қалақұрылыстық регламенттерін іске асыру жоспарын бекіту туралы" 2006 жылғы 20 қарашадағы № 284 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 720 болып тіркелген, 2006 жылғы 21 желтоқсанда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

Аталған шешіммен бекітілген Алматы қаласы аумақтарының функционалдық аймақтарында құрылыш салудың қалақұрылыстық регламенттерін іске асыру жоспарының 4 қосымшасындағы:

Ж-3 Шағын қабатты құрылыш салу (2-3 қабат) жер телімінсіз аймағы тарауының бөлігіндегі соңғы азатжол келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Шығыс айналма жолының (ШААЖ) параметрлерін белгілеу Әл-Фараби даңғылының, Сайн, Жандосов көшелерінің (Сайн көшесінен қала шекарасына дейін) онтүстігінде орналасқан барлық құрылыш түрлеріне шығынқы іргелік қабатты қоспағанда үш қабаттан көп емес етіп белгілеу, биіктігі жер деңгейінен

жақтаудың ұштауына (жабынның ұшы) дейін он екі метрден аспайтын халықаралық деңгейдегі денсаулық сақтау және білім беру саласында әлеуметтік маңызы бар нысандар құрылышын қоспағанда.".

2. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының құрылыш және жер қатынастары жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы М.А. Әділхановқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары С.А. Мәкежановқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

VI сыйланған Алматы қаласы

мәслихатының XXXIII

сессиясының төрағасы

Б. Садықов

VI сыйланған Алматы қаласы

мәслихатының хатшысы

К. Қазанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК